

Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 31/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 5814 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 07/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 04.02.2021 № 07/01 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 бойынша тіркелген) сәйкес, Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жұмыс орындарының квотасы:

1) Қарағанды қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін ұйымның тізімдік санының 1 % мөлшерінде 1 қосымшаға сәйкес;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін ұйымның тізімдік санының 1 % мөлшерінде 2 қосымшаға сәйкес;

3) ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін ұйымның тізімдік санының 1 % мөлшерінде 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қарағанды қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 1 наурыздағы № 11/02 "Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5214 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 14 наурызда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Н. Р. Бикеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды қаласының әкімі

Н. Аубакиров

Қарағанды қаласы
әкімдігінің
2020 жылғы 29 сәуірі
№ 31/01
қаулысына 1 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Қарағанды қаласы ұйымдарының тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	"Автогаз Трэйд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	85	1	1
2.	"Қарағанды қаласының қалалық коммуналдық шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	147	1	1
3.	"ЦЕНТРЭНЕРГОМЕХАНИЗАЦИЯ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	250	1	3
4.	Қарағанды қаласы әкімдігінің Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Мәдениет, демалыс саябақтары және гүлзарлар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	350	1	4
5	"Қарағанды металл бұйымдары зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	130	1	1

6	"Қарағанды мемлекеттік зоологиялық паркі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	61	1	1
---	---	----	---	---

Қарағанды қаласы
әкімдігінің
2020 жылғы 29 сәуірі
№ 31/01
қаулысына 2 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, жұмыс орындары квотасы белгіленетін Қарағанды қаласы ұйымдарының тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Б а с бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	"Автогаз Трэйд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	85	1	1
2.	"Қарағанды қаласының қалалық коммуналдық шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	147	1	1
3.	"ЦЕНТРЭНЕРГОМЕХАНИЗАЦИЯ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	250	1	3
4.	Қарағанды қаласы әкімдігінің Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Мәдениет, демалыс саябақтары және гүлзарлар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	350	1	4
5.	"Қарағанды металл бұйымдары зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	130	1	1
6.	"Қарағанды мемлекеттік зоологиялық паркі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	61	1	1

Қарағанды қаласы
әкімдігінің
2020 жылғы 29 сәуірі
№ 31/01
қаулысына 3 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының

түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Қарағанды қаласы ұйымдарының тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1.	"Қарағанды мемлекеттік зоологиялық паркі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын	61	1	1
2.	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 44 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	66	1	1
3.	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 82 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	127	1	1
4.	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 17 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	131	1	1
5.	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 18 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	68	1	1
6.	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 23 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	158	1	2
7.	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 51 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	74	1	1
8.	"АlemGaz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	167	1	2
	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі"			

9.	мемлекеттік мекемесінің "№ 9 Гимназия" коммуналды мемлекеттік мекемесі	102	1	1
10	"Балалар мен жасөспірімдер сарайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	115	1	1
11	"Аққу балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	60	1	1
12	"Бақыт балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	72	1	1
13	"Думан балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	65	1	1
14	"Нәзік балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	32	1	1
15	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 10 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	93	1	1
16	"Тілек балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	65	1	1
17	"Балдырған балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	66	1	1
18	Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 13 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	58	1	1
19	"Алтынай балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	60	1	1